

**Абай облысы Семей қаласы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріне қарай ең жоғары мөлшерлерін айқындау туралы**

Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 1086 бірлескен қаулысы және Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 17/106-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 қаңтарда № 205-18 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабының 2-1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 42 "Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданның (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы Семей қаласы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктеріне қарай ең жоғары мөлшерлері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. "Абай облысы Семей қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімін Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімін ресми жарияланғаннан кейін, Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуды.

3. Осы бірлескен Семей қаласы әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімі орындалуын бақылау жетекшілік ететін Семей қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Семей қала әкімдігінің қаулысы мен Семей қаласы мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Семей қаласы әкімі*

*Н. Нурсағатов*

*Семей қаласы мәслихатының төрағасы*

*Д. Шакаримов*

"Абай облысы  
Семей қаласы әкімінің  
аппараты" ММ  
2023 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 1086 мен  
Абай облысы  
Семей қаласының мәслихаты  
2023 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 17/106-VIII  
бірлескен қаулысы мен  
шешіміне қосымша

**Абай облысы Семей қаласы бойынша уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін болуы мүмкін ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері**

Р/с №	А у ы л шаруашылығы алқаптарының ауданы, гектар	Оның ішінде			
		егістік	оның ішінде суармалы жерлер	шабындық тар	жайылымдар
1	2	3	4	5	6
1	2000	200	200	20	1580

**Абай облысы Семей қаласы бойынша уақытша жер пайдалану құқығымен шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері**

Р/с №	А у ы л шаруашылығы алқаптарының ауданы, гектар	Оның ішінде			
		егістік	оның ішінде суармалы жерлер	шабындық тар	жайылым дар
1	1	2	3	4	5
1	2500	280	200	20	2000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК